«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА МИНИСТРЛІГІ ТАБИҒИ МОНОПОЛИЯЛАРДЫ РЕТТЕУ КОМИТЕТІНІҢ АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТ КОМИТЕТА ПО РЕГУЛИРОВАНИЮ ЕСТЕСТВЕННЫХ МОНОПОЛИЙ МИНИСТЕРСТВА НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ПО АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ»

БҰЙРЫҚ **ПРИКАЗ**

01.06.2022 № 38-НК

Талдықорған қаласы город Талдыкорган

«Мөлдір» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің суды таратушы желілер арқылы беру қызметіне уақытша өтемдік тарифті бекіту туралы

«Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 2018 жылғы 27 желтоқсандағы № 204-VI Заңының 8-бабы 15) тармақшасына, 33-бабына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 19 қарашадағы №90 бұйрығымен бекітілген Тарифтерді қалыптастыру қағидаларының 46-тармағына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Мөлдір» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің:

1.1. қоса беріліп отырған №1 қосымшаға сәйкес суды таратушы желілер арқылы беру қызметіне тұтынушы топтары бойынша сараланған тарифтері;

1.2. қоса беріліп отырған №2 қосымшасына сәйкес суды таратушы желілер арқылы беру қызметіне уақытша өтемдік тарифі;

1.3. қоса беріліп отырған №3 қосымшаға сәйкес реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметіне есепке алу аспаптары жоқ тұтынушылар үшін ақы мөлшері тиісінше бекітілсін.

2. «Мөлдір» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің 2021-2025 жылдарға арналған таратушы желілер арқылы суды беру қызметіне ұзақ мерзімге тарифтердің және тарифтік сметаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі табиғи монополияларды реттеу комитетінің Алматы облысы бойынша департаментінің 2020 жылғы 16 қарашадағы №167-НҚ бұйрығының №1, №3, №5 қосымшаларының қолданылуы тоқтатылсын және «Мөлдір» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің суды таратушы желілер арқылы беру қызметіне уақытша өтемдік тарифті бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі табиғи монополияларды реттеу комитетінің Алматы облысы бойынша департаментінің 2021 жылғы 04 маусымдағы №108-НҚ бұйрығының №1, №2, №4 қосымшаларының күші жойылсын.

3. Табиғи монополиялар және бағаларды реттеу бөлімі осы бұйрықты «Мөлдір» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің назарына жеткізсін.

4. «Мөлдір» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Панфилов, Қарабұлақ ауылдарына суды таратушы желілер арқылы беру қызметіне тарифтер деңгейінің өзгеруі туралы ақпаратты заңнамада белгіленген мерзімде хабарлауы міндеттелсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау, Департамент басшысының орынбасары Г. Утегеновага жүктелсін.

6. Осы бұйрық 2022 жылдың 01 тамызынан бастап қолданыска енгізілетін осы бұйрықтың 1, 2-тармақтарын қоспағанда, қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және 2023 жылдың 31 шілдесіне дейін қолданыста болады.

Департамент басшысы **А. Сағымбеков**